

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің
«Аққу» бөбекжай» КМҚК

**«Ата-аналармен балалардың бірлескен
демалысының ықтимал нысандары»
тақырып бойынша ата-аналарға кеңес беру**

Дайындаған:
Тәрбиеші
Абдыкулова Д.Б.

«Ата-аналармен балалардың бірлескен демалысының ықтимал нысандары»

Балалардың жан-жақты дамуы мен ата-аналармен қарым-қатынасының нығаюында бірлескен демалыстың маңызы зор. Мұндай демалыс отбасылық байланысты күшейтіп, балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Балалардың демалыс уақытын тиімді және пайдалы өткізуі олардың физикалық, эмоционалдық және зияткерлік дамуына оң әсер етеді. Ата-аналар бұл кезеңде баланың уақытын дұрыс ұйымдастырып, қызықты әрі мазмұнды істерге бағыттауы маңызды. Төменде балалардың демалысын пайдалы өткізуге арналған бірнеше кеңес берілген:

1. Табиғат аясындағы демалыс
Пикник ұйымдастыру
Шатыр тігіп, табиғатта түнеу
Жаяу серуен (поход)
Балық аулау немесе аңшылық

2. Мәдени-танымдық демалыс
Мұражай, галерея, кітапханаға бару
Театр, кинотеатр, концертке бару
Тарихи орындар мен архитектуралық ескерткіштерді тамашалау
Экскурсия ұйымдастыру

3. Спорттық және белсенді демалыс
Велосипед тебу
Спорттық жарыстар өткізу (футбол, волейбол, шахмат т.б.)
Сырғанақ, шаңғы тебу (қыста)
Суда жүзу, аквапаркке бару

4. Шығармашылық және зияткерлік демалыс
Бірлескен қолөнер жасау (сурет салу, мүсін жасау)
Пазл жинау немесе үстел ойындарын ойнау
Кітап оқу және талқылау
Аспаздық шеберлікті бірге дамыту

5. Отбасылық саяхаттар мен туризм
Жергілікті немесе шетелдік саяхатқа шығу
Демалыс орындарына (курорт, санаторий) бару
Лагерьлер мен демалыс базаларына бару

6. Үйдегі бірлескен демалыс
Отбасылық кино кешін өткізу
Үйде мерекелік шаралар ұйымдастыру
Бағбандық немесе үй шаруасын бірге атқару

Бірлескен демалыстың маңызы:
Отбасылық байланысты нығайтады
Баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуына әсер етеді
Балаларға өмірлік маңызды дағдыларды үйретеді
Уақытты тиімді пайдалану дағдысын қалыптастырады
Ата-аналар балаларының жас ерекшелігін ескере отырып, демалысты жүйелі түрде ұйымдастырса, бұл олардың қарым-қатынасын жақсартып, бақытты естеліктер қалдыруға көмектеседі.

